

Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеуді өткізу ереже, тестілеу программалары және тестілеу нәтижесінің шекаралық мәнін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 02-01-02/60 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 21 мамырда тіркелді. Тіркеу N 2291. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2008 жылғы 21 қаңтардағы N 02-01-02/11 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2008.01.21. N 02-01-02/11 Бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбына, кіріспесіне өзгертулер енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2005.05.19. N 02-01-02/65 бұйрығымен .

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 280 Жарлығымен бекітілген "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі туралы ереженің 9-тармағының 9) тармақшасына және 2003 жылғы 27 наурызда N 2219 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген, Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттік төрағасының "Мемлекеттік әкімшілік лауазымдарының санаттарына үлгілік біліктілік талаптарының бекітілуі туралы" 2003 жылғы 17 наурыздағы N 02-01-02/27 бұйрығына сәйкес бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырғандар бекітілсін:

1) Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу ережесі (1 Қосымша);

2) А-1, А-2, А-3, А-4, А-5 санаттарының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеу программасы (2 Қосымша);

3) В-1, В-2, В-3, В-4, В-5, В-6, В-7, С-1, С-2, С-3, С-4, С-5, С-О-1, С-О-2, С-О-3, С-Р-1, D-1, D-2, D-3, D-О-1, D-О-2, D-О-3, Е-1, Е-2, Е-Р-1 санаттарының бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеу программасы (3 Қосымша);

4) А-6, А-7, В-8, В-9, С-6, С-7, С-8, С-9, С-10, С-11, С-О-4, С-О-5, С-Р-2, С-Р-3, D-4, D-5, D-О-4, D-О-5, Е-3, Е-4, Е-Р-3, Е-Г-1, Е-Г-2 санаттарының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерге тестілеу бағдарламасы (4 Қосымша);

5) а л ы н ы п т а с т а л д ы ;

6) C-O-6, C-O-7, C-R-4, C-R-5, C-R-6, D-O-6, D-O-7, E-5, E-6, E-R-4, E-R-5, E-R-6, E-G-3, E-G-4, E-G-5 санаттарының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерге тестілеу бағдарламасы (6 Қосымша);

7) Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеу нәтижелерінің шекаралық мәні (7 Қосымша).

Ескерту. 1-тармаққа өзгертулер мен толықтырулар енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 13 ақпандағы N 02-01-02/17 бұйрығымен , 2004 жылғы 19 сәуірдегі N 02-01-02/42 бұйрығымен , 2005 жылғы 19 мамырдағы N 02-01-02/65 бұйрығымен .

2. 8 Қосымшаға сәйкес Агенттік төрағасының кейбір бұйрықтардың күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

3. Осы бұйрықтың" орындалуының бақылануы Агенттік Төрағасының орынбасары Ә.А.Көмекбаевқа жүктелсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 13 ақпандағы N 02-01-02/17 бұйрығымен .

4. Осы бұйрық ҚР Әділет министрлігінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Мемлекеттік агенттігі төрағасының
2003 жылғы 30 сәуірдегі
N 02-01-02/60 бұйрығына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда жазылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2005.05.19. N 02-01-02/65 Бұйрығымен.

Бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеуден өткізу ережесі

1. Жалпы ереже

1. Тестілеуді өткізудің мақсаты - бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға орналасуда үміткерлердің (бұдан әрі - үміткер) Қазақстан Республикасының заңнамаларын, мемлекеттік тілді білуге және логикалық ойлау қабілетіне әділ б а ғ а б е р у .

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2007.12.10. N 02-01-02/157 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

2. Тестілеуге конкурстық комиссияның шешімі негізінде құжаттары қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келген үміткерлер жіберіледі, ол жөнінде мемлекеттік органның кадр қызметі хабардар етеді.

3. Тестілеуден өту кезінде шекті мәннен төмен баға алған үміткер, алдыңғы тестілеу күнінен соң үш айдан кем емес мерзімнен кейін, бір және сол бағдарлама бойынша қайтадан тестілеуден өтуге құқығы бар.

4. Тестілеуді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің және аумақтық бөлімшелерінің тестілеу администраторлары (бұдан әрі - администратор) өткізеді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігімен (бұдан әрі - Агенттік) тестілеу өткізу процесін қамтамасыз ету үшін басқа да мамандар тартылуы мүмкін.

5. Тестілеу барысында Қазақстан Республикасының заңнамаларын, мемлекеттік тілді білуге арналған тесттер және логикалық тест қолданылады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2007.12.10. N 02-01-02/157 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

6. Тестілеу компьютерде өткізіледі.

7. Тестілеуді өткізудің әділдігі жағдайлардың, уақыттың, нәтижелерді есептеудің, тесттердің мазмұнының стандарттылығымен, сондай-ақ администраторлардың сыбайлас жемқорлықты жібермеу әрекеттері туралы жазбаша шектеулерді қабылдауымен қамтамасыз етіледі.

8. Тестілеу 4 кезеңнен тұрады:

- 1) жайда тестілеуге және тестілеу материалдарына дайындық;
- 2) тестілеуді өткізу бойынша қызметшілерге нұсқаулық;
- 3) үміткерлердің тесттерден өтуі;
- 4) үміткерлерге тестілеу нәтижелерін беру.

2. Жайда тестілеуге және тестілеу материалдарына дайындық

9. Тестілеуді өткізу кезінде администратор үміткерлерді нұсқаумен таныстыруға және олардың сұрақтарына жауап беруге тиіс.

10. Тестілеу өткізілетін жай үміткерлердің орналасуына ыңғайлы жағдайға сәйкес болуы керек. Тестілеу уақытында үміткерлердің сөйлесуіне және тестілеу өткізіліп отырған жайдан шығып кетуіне болмайды. Қабылдаушы-тапсырушы электрондық құрылғылар (оның ішінде жеке қалта компьютерлері және өзге де электрондық құрал-жабдықтар) тестілеу кезінде өшірілуі тиіс.

11. Тестілеу басталғанға дейін администратор барлық қажетті материалдарды дайындауы және тексеруі қажет.

3. Тестілеуді өткізу бойынша үміткерлерге нұсқаулық

12. Тестілеу басталар алдында, администратор үміткерлердің тестілеуді өткізу жөніндегі егжей-тегжейлі нұсқаулығын өткізеді. Администратордың

кіріспе сөзіне тестілеудің алдағы жөн-жосығы іріктеу рәсіміндегі тестілеудің орны жөніндегі тұтастай ақпараттар кіреді.

13. Тестілеу сәтінде өзін нашар сезінген үміткерлер бұл туралы тестілеу басталғанға дейін администраторға хабарлауы тиіс.

14. Администратор үміткерлердің компьютерді пайдалануға қатысты барлық сұрақтарына жауап береді. Содан кейін администратор тұтастай тесттерді өтуге және жеке әр тестке бөлінген уақытқа баса назар аудара отырып, тест жөніндегі нұсқауды дауыстап оқиды.

15. Нұсқаулықтың соңында үміткерлердің сұрақ қоюларына мүмкіндік беріледі.

16. Администратордың барлық үміткерлердің тапсырманы меңгергендігіне және өздерін қалыпты күйде сезініп отырғандарына көзі жетуі тиіс.

4. Үміткерлердің тесттерден өтуі

17. Логикалық тестің орындалуына жіберілген уақыт - 20 минөт, заңнамаларды білуге тестке - 115 минөт (150 сұрақ), 70 минөт (90 сұрақ), мемлекеттік тілді білуге тестке - 20 минөт.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2007.12.10. N 02-01-02/157 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

18. Үміткерлер тестерді мынадай тәртіппен өткізеді: логикалық тест, заңнамаларды білуге арналған тест, мемлекеттік тілді білуге арналған тест.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2007.12.10. N 02-01-02/157 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

19. Тесттерді орындауға берілген уақыт біткенде, бағдарлама автоматты түрде жабылады.

20. Администратор тестілеу біткеннен кейін үміткерлерге тестке қатысқаны үшін рақмет айтады және конкурстық іріктеуді өткізудің келесі кезеңін еске салады.

5. Үміткерлерге тестілеу нәтижелерін беру

21. Компьютерде тестілеудің дұрыс жауаптарын есептеу енгізілген компьютерлік бағдарлама көмегімен автоматты түрде есептеледі. Нәтиже принтерде басып шығарылады және танысу үшін үміткерге беріледі. Үміткер танысқаннан кейін нәтижесі көрсетілген қағазға қол қояды.

22. Тестілеудің нәтижелері Агенттікте және оның аумақтық бөлімшелерінде бір жыл аралығында сақталады. Тестілеудің нәтижесі туралы ақпарат жиынтық анықтама түрінде рәсімделеді.

Ескерту. 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2007.12.10. N 02-01-02/157 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

23. Тестілеудің нәтижесі туралы жиынтық анықтама құпия сипатта болады және тиісті мемлекеттік органның конкурстық комиссиясына беріледі.

Қ Р М е м л е к е т т і к қ ы з м е т
і с т е р і ж ө н і н д е г і
а г е н т т і г і т ө р а ғ а с ы н ы ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 0 с ә у і р д е г і
N 0 2 - 0 1 - 0 2 / 6 0 б ұ й р ы ғ ы н а

2 қосымша

А-1, А-2, А-3, А-4, А-5 санаттарына бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тестілеу программасы

Ескерту: 2 қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2003.07.15. N 02-01-04/25 , 2005.05.05. N 02-01-02/59 , 2005.05.19. N 02-01-02/65 , 2007.12.10. N 02-01-02/157 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

Осы программа Қазақстан Республикасы заңдарын, мемлекеттік тілді білуге тестерді және логикалық тесті белгілейді.

1. Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының Президенті туралы " Конституциялық заңын, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңын , Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" заңын , "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңды , Қазақстан Республикасының " Әкімшілік рәсімдер туралы" заңын , Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" заңын , Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы N 1567 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы ережелері) (бұдан әрі - Ар-намыс кодексі) білуге арналған 150 с ұ р а қ е н г і з і л г е н .

Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестілеуді өткізуді пайдалану кезінде сұрақтар тізбесінен іріктелген жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілердің әрбірі бойынша тестіленуші 20 сұраққа және Ар-намыс кодексі бойынша 10 сұраққа жауап беруі қажет.

2. Логикалық тест адамның күрделі жұмыстарды орындаудағы ептілігін және

оның интеллектуалдық мүмкіндігін сипаттайтын логикалық ойлау оперативтілік қабілеттілігін а й қ ы н д а й д ы .

3. Мемлекеттік тілді білуге арналған тест 20 тапсырмадан тұрады.

Қ Р М е м л е к е т т і к қ ы з м е т
і с т е р і ж ө н і н д е г і
а г е н т т і г і т ө р а ғ а с ы н ы ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 0 с ә у і р д е г і
N 0 2 - 0 1 - 0 2 / 6 0 б ұ й р ы ғ ы н а

3 қосымша

**В-1, В-2, В-3, В-4, В-5, В-6, В-7, С-1, С-2, С-3,
С-4, С-5, С-О-1, С-О-2, С-О-3, С-R-1, D-1, D-2, D-3, D-О-1, D-О-2, D-О-3, E-1,
E-2, E-R-1 санаттарына бос
әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға
үміткерлерді тестілеу программасы**

Ескерту: 3 қосымшаның атауына толықтырулар енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 13 ақпандағы N 02-01-02/17 бұйрығымен, 2004 жылғы 19 сәуірдегі N 02-01-02/42 бұйрығымен.

Ескерту: 3 қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 15 шілдедегі N 02-01-04/25 бұйрығымен, 2005 жылғы 5 мамырдағы N 02-01-02/59 бұйрығымен, 2005 жылғы 19 мамырдағы N 02-01-02/65 бұйрығымен, 2007.12.10. N 02-01-02/157 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

Осы программа Қазақстан Республикасы заңдарын, мемлекеттік тілді білуге тестерді және логикалық тесті белгілейді.

1. Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" заңын, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңды, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік рәсімдер туралы" заңын, Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" заңын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы N 1567 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексін (Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы ережелері) (бұдан әрі - Ар-намыс кодексі) білуге арналған 150 сұрақ енгізілген.

Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестілеуді өткізуді пайдалану кезінде сұрақтар тізбесінен іріктелген жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілердің әрбірі бойынша тестіленуші Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша 40 сұраққа, қалған сұрақтар тізбесінен іріктелген нормативтік құқықтық актілердің әрбірі бойынша тестіленуші 20 сұраққа және

Ар-намысы кодексі бойынша 10 сұраққа жауап беруі қажет.

2. Логикалық тест адамның күрделі жұмыстарды орындаудағы ептілігін және оның интеллектуалдық мүмкіндігін сипаттайтын логикалық ойлау оперативтілік қабілеттілігін айқындайды.

3. Мемлекеттік тілді білуге арналған тест 20 тапсырмадан тұрады.

Қ Р М е м л е к е т т і к қ ы з м е т
і с т е р і ж ө н і н д е г і
а г е н т т і г і т ө р а ғ а с ы н ы ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 0 с ә у і р д е г і
N 0 2 - 0 1 - 0 2 / 6 0 б ұ й р ы ғ ы н а

4 қосымша

А-6, А-7, В-8, В-9, С-6, С-7, С-8, С-9, С-10, С-11 , С-О-4, С-О-5, С-Р-2, С-Р-3, D-4, D-5, D-О-4, D-О-5, Е-3, Е-4, Е-Р-3, Е-Г-1, Е-Г-2 санаттарының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерге тестілеу бағдарламасы

Ескерту: 4 қосымшаның атауы жаңа редакцияда жазылды, толықтыру енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2004 жылғы 13 ақпандағы N 02-01-02/17 бұйрығымен , 2004 жылғы 19 сәуірдегі N 02-01-02/42 б ұ й р ы ғ ы м е н .

Ескерту: 4 қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2003 жылғы 15 шілдедегі N 02-01-04/25 бұйрығымен , 2005 жылғы 5 мамырдағы N 02-01-02/59 бұйрығымен , 2005 жылғы 19 мамырдағы N 02-01-02/65 бұйрығымен , 2007.12.10. N 02-01-02/157 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрықтарымен.

Осы программа Қазақстан Республикасы заңдарын, мемлекеттік тілді білуге тестерді және логикалық тесті белгілейді.

1. Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңын , Қазақстан Республикасының " Мемлекеттік қызмет туралы" заңын , "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы " Заңды білуге арналған 90 сұрақ енгізілген.

Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестілеуді өткізуді пайдалану кезінде сұрақтар тізбесінен іріктелген жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілердің әрбірі бойынша тестіленуші 20 сұраққа және Ар-намысы кодексі бойынша 10 сұраққа жауап беруі қажет.

2. Логикалық тест адамның күрделі жұмыстарды орындаудағы ептілігін және

оның интеллектуалдық мүмкіндігін сипаттайтын логикалық ойлау оперативтілік қабілеттілігін а й қ ы н д а й д ы .

3. Мемлекеттік тілді білуге арналған тест 20 тапсырмадан тұрады.

Қ Р М е м л е к е т т і к қ ы з м е т
і с т е р і ж ө н і н д е г і
а г е н т т і г і т ө р а ғ а с ы н ы ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 0 с ә у і р д е г і
N 0 2 - 0 1 - 0 2 / 6 0 б ұ й р ы ғ ы н а

5 қосымша

D-1, D-2, D-3, D-O-1, D-O-2, D-O-3, D-O-4, E-1, E-2, E-R-1 санаттарына бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді және аттестациядан өтуге тиіс әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді тестілеу программасы

Ескерту: 5 қосымшаға толықтырулар енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің 2003 жылғы 15 шілдедегі N 02-01-04/25 бұйрығымен , 2004 жылғы 13 ақпандағы N 02-01-02/17 бұйрығымен .

Осы программа Қазақстан Республикасы заңдарын білуге арналған тестіден т ұ р а д ы .

Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестке Қазақстан Республикасының Конституциясын , Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңын , Қазақстан Республикасының " Мемлекеттік қызмет туралы" заңын , "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы " Занды , Қазақстан Республикасының "Әкімшілік рәсімдер туралы" заңын , Қазақстан Республикасының "Нормативтік құқықтық актілер туралы" заңын , 2000 жылдың 21 қаңтардағы N 328 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы ережелерін білуге арналған 130 сұрақ енгізілген.

Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестілеуді өткізуді пайдалану кезінде сұрақтар тізбесінен іріктелген жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілердің әрбірі бойынша тестіленуші 20 сұраққа және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің қызмет этикасы ережелері бойынша 10 сұраққа жауап беруі қажет.

Қ Р М е м л е к е т т і к қ ы з м е т
і с т е р і ж ө н і н д е г і
а г е н т т і г і т ө р а ғ а с ы н ы ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 0 с ә у і р д е г і
N 0 2 - 0 1 - 0 2 / 6 0 б ұ й р ы ғ ы н а

6 қосымша

С-О-6, С-О-7, С-Р-4, С-Р-5, С-Р-6, D-О-6, D-О-7, Е-5, Е-6, Е-Р-4, Е-Р-5, Е-Р-6, Е-Г-3, Е-Г-4, Е-Г-5 санаттарының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына орналасуға үміткерлерге тестілеу бағдарламасы

Ескерту: 6 қосымша жаңа редакцияда - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2007.12.10. N 02-01-02/157 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

Осы программа Қазақстан Республикасы заңдарын және мемлекеттік тілді білуге арналған тестерді белгілейді.

1. Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тест Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" заңын, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік қызмет туралы" заңын, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" заңын, Ар-намыс кодексін білуге арналған 90 сұрақтан тұрады.

Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тестілеуді өткізу кезінде пайдаланылатын сұрақтар тізбесінен іріктелген жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілердің әрбірі бойынша тестіленуші 20 сұраққа және Ар-намыс кодексі бойынша 10 сұраққа жауап беруі тиіс.

2. Мемлекеттік тілді білуге арналған тест 20 тапсырмадан тұрады.

Қ Р М е м л е к е т т і к қ ы з м е т
і с т е р і ж ө н і н д е г і
а г е н т т і г і т ө р а ғ а с ы н ы ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 0 с ә у і р д е г і
N 0 2 - 0 1 - 0 2 / 6 0 б ұ й р ы ғ ы н а
7 қосымша

**Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға
үміткерлерді тестілеу нәтижелерінің
шекаралық мәні**

Ескерту: Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 13 ақпандағы N 02-01-02/17 бұйрығымен, 2004 жылғы 19 сәуірдегі N 02-01-02/42 бұйрығымен, 2005 жылғы 5 мамырдағы N 02-01-02/59 бұйрығымен, 2005 жылғы 19 мамырдағы N 02-01-02/65 бұйрығымен, 2007.12.10. N 02-01-02/157 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.

1. А-1, А-2, А-3, А-4, А-5, В-1, В-2, В-3, В-4, В-5, В-6, В-7, С-1, С-2, С-3, С-4, С-5, С-О-1, С-О-2, С-О-3, С-Р-1, D-1, D-2, D-3, D-О-1, D-О-2, D-О-3, Е-1, Е-2, Е-Р-1 санаттары үшін Қазақстан Республикасының заңдарын білуге арналған тесті бойынша шекаралық мәні әрбір нормативтік құқықтық актілер бойынша

кем дегенде 70%, басқа санаттар үшін әрбір нормативтік құқықтық актілер бойынша кем дегенде 50% дұрыс жауаптардан құрылады және Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 3 мамырдағы N 1567 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі (Мемлекеттік қызметшілердің қызмет этикасы ережелері) бойынша кем дегенде 80 % барлық санаттары үшін.

2. Логикалық тест және мемлекеттік тілді білуге арналған тест бойынша шекаралық мән белгіленбейді.

Қ Р М е м л е к е т т і к қ ы з м е т
і с т е р і ж ө н і н д е г і
а г е н т т і г і т ө р а ғ а с ы н ы ң
2 0 0 3 ж ы л ғ ы 3 0 с ә у і р д е г і
N 0 2 - 0 1 - 0 2 / 6 0 б ұ й р ы ғ ы н а
8 қосымша

**Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері
жөніндегі агенттігі төрағасының күші жойылған кейбір
бұйрықтардың тізімі**

1. 2001 жылғы 18 сәуірде N 1470 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының "Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тесттеуді өткізу нұсқау, тесттеу программалары және тесттеу нәтижесінің шекаралық мәнін бекіту туралы" 2001 жылғы 17 сәуірдегі N 0 2 - 2 - 4 / 6 7 б ұ й р ы ғ ы .

2. 2001 жылғы 30 қарашада N 1686 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының "Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тесттеуді өткізу нұсқау, тесттеу программалары және тесттеу нәтижесінің шекаралық мәнін бекіту туралы" 2001 жылғы 17 сәуірдегі N 02-2-4/67 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2001 жылғы 19 қарашадағы N 02-2-4/167 бұйрығы .

3. 2002 жылғы 28 қазанда N 2027 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының "Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға үміткерлерді тесттеуді өткізу нұсқау, тесттеу программалары және тесттеу нәтижесінің шекаралық мәнін бекіту туралы" 2001 жылғы 17 сәуірдегі N 02-2-4/67 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 02-2-4/128 бұйрығы .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК